

Ақкөл ауданы білім бөлімі «МКҚК №1 бөбекжайы» Қамқоршылық кеңес
отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілу уақыты: 10.10.2024 ж.

Өткізу орны: психолог кабинеті

Отырыстың басталуы: 17.30

Отырыстың аяқталуы: 18.30

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: жоқ

Шақырылғандар:

1. Жетпісова Г.М- МКҚК «№1 бөбекжай» басшысы

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау.
3. 2024-2024 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.

1. Тындалды:

1-мәселе:

Сөз сөйледі: күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша бөбекжай басшысы Г.М. Жетпісова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ережемен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі, № 123 бұйрығы)
Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік , бірге басқарудың қоғамдық- мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

- 1) Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады
- 2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/ немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді:
- 4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді:
- 5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды:
- 6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді:
- 7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында аңықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді:

Шешім: Ақпарат назарға алынсын.

2-мәселе бойынша сөз сөйледі: күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған ата-аналар комитетінің төрайымы Бекенова Д.К. Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ф.А.Кудабаева, хатшы: Дамерхан А.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Кудабаева Фарида Ажденова
2. Дамерхан Айдана
3. Бекенова Диана Калешовна
4. Хусаинова Самал Маратовна
5. Рамазанова Гаухар Рустемова


6. Крыкбаева Гульнара Булатовна

7. Мукишев Ренат Балтаевич

Шешім: Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша бөбекжай басшысы Жепісова Г.М тыңдалды. Қамқоршылық кеңестің үш секторы бойынша жұмыс жоспарын ұсынды (педагогикалық, материалдық-техникалық, бақылау-шаруашылық)

Шешім: Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.


Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ф.А.Кудабаева 


Хатшы: Дамерхан А. 

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Бекенова Диана Калешовна 

Хусаинова Самал Маратовна 

Рамазанова Гаухар Рустемова 

Крыкбаева Гульнара Булатовна 

Мукишев Ренат Балтаевич 